

Бала асырап алу туралы тағы бір мәрте

Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес әлем мемлекеттері: «Баланың тұлғалық тұрғыдан толық әрі үйлесімді дамуы үшін ол отбасылық ортада, бақыт, сүйіспеншілік пен түсіністік атмосферасында өсуі қажет» деп мойындайды.

Бала асырап алу (қыз асырап алу) – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың ең тиімді түрлерінің бірі. Әрине, бала үшін ең бастысы – туған ата-анасының қамқорлығында болу. Ал ата-анасы болмаған жағдайда, туыстарының отбасында тәрбиеленгені жөн.

Бала асырап алудың негізгі мақсаты – түрлі себептермен ата-анасының қамқорлығы мен мейірімінен айырылған балаларға туған отбасындағы жағдайға барынша жақын өмір сүру, даму және тәрбие алу мүмкіндігін жасау. Сонымен қатар, бала асырап алу институты тек балаларға отбасы табуға ғана емес, асырап алушыларға да ата-аналық сезімдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кей жағдайларда бала асырап алудың себебі – баласы жоқ ерлі-зайыптылардың отбасын нығайтуға деген ұмтылысы болып табылады. Сонымен бірге, неке және отбасы заңнамасында өз балалары бар адамдарға бала асырап алуға тыйым салынбайды. Мұндай жағдайлар тәжірибеде кездеседі, бірақ соңғы уақытта сирек байқалады.

Кейде ерлі-зайыптылардың бірі екінші жұбайының баласын асырап алады. Бұл жалпы отбасы ішіндегі қарым-қатынасты жақсартып, отбасылық ахуалдың нығаюына ықпал етеді.

Қорғаншылық және қамқоршылық органының сенім телефонына кейде некеде тұрмайтын адамның бала асырап алушы бола алатындығы туралы сұрақтар түседі. Заңнамада бұған тыйым салынбаған. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, басымдық көбінесе толық отбасыларға беріледі. Оның да өзіндік себептері бар. Баланың үйлесімді дамуы үшін оған мейірім мен қамқорлықты тек анасы ғана емес, әкесі де көрсететін толыққанды отбасы қажет.

Баланың толық емес отбасына асырап берілуі оның мүддесіне сай келген жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл ретте үміткердің денсаулық жағдайы, асырап алушы мен баланың жас айырмашылығы, материалдық жағдайы, сондай-ақ баланы дұрыс асырап, тәрбиелеу қабілеті ескеріледі.

Білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық органы